

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

II том

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

A 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баста кеңесі шешімімен ұсынылған
(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жаңындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

Ғылыми-редакциялық кеңес:

Ж. Дәдебаев (*торага*), Ө. Әбдіманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
Б. Жақып, А. Жақсылықов, Қ. Мәлібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарапқ,
А. Темірболат, Ж. Тілегөв, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (*хатшылар тобының
жетекшісі*), И. Әзімбаева (*жауапты хатышы*), Ә. Жапарова (*хатышы*)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор *К.К. Мәдібаев*

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ж. Дәдебаев*

Құрастырылған, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ә. Тарапқ*

A 13 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. II том. Ойлар мен толғаныстар / құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жауапты ред. Ә. Тарапқ; жалпы ред баск. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 264 б.

ISBN 978-601-04-1283-5

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырган таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай тұралы сөз» толғауымен ашылған. Екінші томға абайтану саласында 1940 жылдан 1960 жылға дейін жарық көрген, уақыт сыйнан өткен, ғылыми және тағылымдық маңызы үлкен еңбектердің таңдамалылары енген.

Кітап орта мектептің жогары сыйып окушылары мен жогары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың көшілікке арналған.

II томға енген таңдамалы еңбектер елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық өлеуеттің артуына, қоғамдық санаудың дамуына ықпал етеді.

Том 3979/ГФ4 «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнараалық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

ISBN 978-601-04-1282-8

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

Әбділда Тәжібаев

АБАЙДЫҢ ЛИРИКАСЫ

Қазақ ақындарында поэзия мақсатын орыс классиктерінше сыйнышыл демократизм тұрғысынан үғындырған бірінші ақын – Абай.

Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қынынан қыстырыар ер данасы.
Тілге женіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы, –

деп басталатын өлең поэзияның көркемдік құнын, өлеуметтік күшін қазақ халқына жаңаша, керемет прогрессілдік рухта мөлімдейді. Әркімнің-ақ жаңында ақындық сезім бар, бірақ сөз патшасын ерлердің данасы, елдің қамқоры фана қыстырыа алады. Осы бір шумақтың өзінде Добролюбов көрсеткен шарттар түгел қамтылған. Әдетте Абайдың осы өлеңіндегі:

Кобыз берін домбыра алып, тоңта сарнап,
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.
Әр елден өлеменен қайыр тілең,
Кетірген сөз қадірін жұргытты шарлап, –

дегенді келтірушілер ақынның өзінен бұрынғыларға қарсылығы, жыршы, жырауларды мінеу деп түсіндіреді. Бұл да рас. Әйтсе де жеткіліксіз. Бұл – қай заманның ақындары үшін болса да қатал ескерту. Жұрт қамын ойлайтын поэзия бүгін де, ертең де өзінің халықтық мұнарасынан төмен түспеуі, жеке адамдарға құлышылық етпеуі керек.

Поэзияны эстетшілдікке, қоғамнан, саясаттан аулаққа тартатын, қазіргі буржуазия идеологиясындағы ақынсымақтардың империализмді мадақтап, олардың кеме, зенбіректерін үлттық мақтан санаушыларға Абайдың:

Батырды айтсам, ел шауып алған талап.
Қызыды айтсам, қызықты айтсам қыздырмалап,

Әншейін күн өткізбек әңгіме үшін,
Тыңдар едің, бір сезін мыңға балап, –

деген бір шумағы – оңдырмай тиетін соққы.

«Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзелдің» мәнін де керегінше ұғынған жөн. Осы жалғыз жолда қабат-қабат қалың ойлар бар: сөз түзелсе, қоғамдық рухтың белеске котеретін, шын мағынасындағы халық ұлының туғаны, ғасырлар бойы рухани мұлгіген қазақтың оянар, серпілер кезінің, жаңа ойлар айтылар мерзімінің жеткені. Ол сөз: «Ыңсап-ұят, ар-намыс, сабыр-талапты» жетілдіреді. «Терең ой, терең ғылым іздеуге» шақырады. Барлық зиянымен кедергі жасар көне-қоқсықпен күреске бастайды. Бұл – Абайдың өзі туралы ғана емес, өзінен басталатын бүкіл жаңа поэзияға қоятын талабы. Ұлы ақынның ұсынған батыл программа Чернышевскийдің «қөркеменер өмірді көрсетуші ғана емес, оны ұғындыруши, өмір сүрге үйретуші, соның арқасында ол «өмір оқулығының» қызметін атқарады» деген белгілі пікірімен түп-түгел қабысады. Сөйтіп, Абайдың дүниеге келуі – қазақта жаңа поэзияның басталуы, жаңа ой-пікір жариялар түнғыш көсемнің қазақ халқынан бірінші шығуы. Поэзияның әлеуметтік қызметі туралы ақындық декларациясын жариялаған Абай өзінің тылсымды лирикаларында суретшінің бүкіл әлемнен, барлық тірлік, шындықтан өз түйсігі арқылы өсер алар, шабыт табар, жан күйінің сөулелі, қызулы, ырғаққа айналар мерзімін барынша ірілікпен сипаттайды, сонда біз ұлы ақынның ойға толғатқанын, ғайыптан сыр тауып тіл қатқанын, кең дүниемен келісім тапқанын, қүйлі бір жырға айналғанын көреміз...

Адамның кейбір кездері,
Көңілде алаң басылса,
Тәңірінің берген енері,
Көк бұлттан ашылса.

Сылдырап өңкей келісім,
Тас бұлақтың суынданай.
Кірлеген жүрек өзі ішін,
Тұра алмас әсте жуынбай.

Тәңірінің күні жарқырап,
Үйқыдан көңіл ашар көз.
Құатты ойдан бас құрап,
Еркеленіп шығар сөз.

Сонда ақын белін буынып,
Алды-артына қаранар.
Дүние кірін жуынып,
Көрініп ойга сөз салар.

Қыранша қарап Қырымға,
Мұң мен зарды қолға алар.
Кектенип надан, зұлымға
Шырынық аттар, толғанар.

Әділет пен ақылға,
Сынатып көрген, білгенін.
Білдірер алыс, жақынға
Солардың сойле дегенін.

Ызалы журек, долы қол,
Улы сия, аңы тіл
Не жазып кетсе, жайы сол,
Жек көрсөндер, өзің біл.

Мінекей, ақын образы осы жырда осылай туады. Мұндағы дүние мен көңілдің келісім тартуы (гармония) сонша, өлеңнің әр сөзі емес, әрбір дыбысынан сұлу музыка есітеміз, құбылған бояу көреміз, сол жаратылыстың көрікті бір құбылысы, қуанышты оқиғасы сияқты. Есіткен, сезгеніміздің табиғилығы мен жарасығы әрқайсымыздың-ақ өз сезіміміз, ішкі күйіміздей; томағамыз сызырылғандай, өз жүргегімізге үңіліп, рухани сараймыздың тазалығын, күнәсіздігін көргендейміз, бақыт тапқандаймыз.

«Лирика – барлық поэзияның өмірі мен жаны; лирика – поэзияның поэзиясы» (Белинский).

Көк ала бұлт сөгіліп,
Күн жауады қей шакта,
Өне бойың езіліп,
Жас ағады аулакта.
Жауған күнмен жаңғырып,
Жер көгеріп, күш алар;

Аққан жасқа қаңғырып,
Бас ауырып, іш жанар.

Екі аяқты, бір бастыда мұндай күйді басынан өткізбекен жан болмайды. Әлде айналып келмestей жарыңды ойладың ба, әлде жардан жығылған жалғызың ойына түсті ме, әлде екі көзің-ниң біріндей, үміт жүлдізындаи, бір жыл бүрын дүние салған ер досынды аңсадың ба, жоқ әлде қоршаған жүрт түсінбей, қана-тынды тасқа соқтырып, жүргегіңнің маздаған шоғына мұз басып кетті ме? Әйтепе бір егілген шағың болады, сондай күйіндірген ой тар кеуденің қыспағына сыймай, көк ала бұлтша құрыстамай ма? Құркірегені құңғренуге айналғанда, көздің жасы жаңбыр болып жаумай ма?

Біз ақынның екі шумақ өлеңінен өз жанымыздың толғағын, өз күйіміздің бір кездерін көреміз. Қайта бір ыңылдалап, жатқа айтып шығып, «уһ...» дегендей, бойың женілдегендей боласың. Ұлы Абай өзінді ақынға айналдырғанына ақ пейілмен алғыс айтқың келеді.

Абайдың өзі алған өсерлерін тікелей айтпай, әйтпесе оқиғаны өз сезімі арқылы өткізбей, суреттеу, мұсіндеу арқылы беретін лирикалары, тіпті тамаша. Бұл шығармаларында оның асқан художник екенін танимыз. Мұндай өлеңдерінің әрқайсысында-ақ көңіл түйер, сөз жетпес музыка бар, оки бастағанда-ақ жадыңнан өшпестей мұсіндерге, ғажайып бояулармен жазылған суреттерге кіресін. Әрбір ойлы сөз өз үнін шығараады да, айшық өрнек болар орнына жымы айырылмастай қалаңады. Сойтіп, тұтас та толық көрікке айналады.

Бұл жағынан Абай Пушкин суретшілдігін түгел менгерген. Қазақ тілін көркемдік тіліне толық жеткізген ақын.

Желсіз тұнде жарық ай,
Сөүлесі суда дірілдеп.
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен гүрліден.

Қалың ағаш жапырағы,
Сыбырласып өзді-өзи.
Көрінбей жердің топырағы,
Құппырған жасыл жер жүзі.

Тау жаңғырып, ән қосып,
Үрген ит пен айтакқа.
Келмеп пе едің жол тосып,
Жолығуга аулаққа.

Таймандағай тамылжып,
Бір сулынып, бір ысып.
Демала алмай дамыл қып,
Елең, қағып, бос шопып.

Сөз айта алмай бөгеліп,
Дүрсіл қағып жүргегі.
Тұрман па еді сүйеніп,
Тамаққа кіріп иегі?..

Мінекей, ақын жазған жанды сурет – осы. Оқып шығуымыз үшін минуттық уақыт өткен жоқ, қандай қызық дүниеге еніп кеттік: аспанға қара, ұлтарақтай бұлт жоқ, көмкерілген көк күмбезде таңбаға татыр кіршік жоқ, күнәсіз көктің көкірегі де кірбенсіз, бусанған жерге махаббатпен қарайды, жарық жүрегіндегі ай сөулесі мөлдір суда дірілдейді. Осынша әсем дүниеде сыйырласқан кек жапырақтар құмарлықпен үндерескен аспан менен жердің сырын шерте ме? Жоқ өлде ынтыға келіп табысқан, сүйісе тұрып, ләzzатқа тұншыққан жас жарлардың жан күйлерін айта ма? Тау жаңғыртып әупілдеген қай сырттаның даусы еken, айтақтаған кім еken?.. Жиырма жол өлеңнің бойында осынша кен дүние, осынша бай өмір бар дегенге сенгің келмейді.

Біз сұлу жүргегінің қалай соққанын сезіп едік, ыстық демін сезініп едік; қолына қолымыз тигендей өз жүргегіміз жарыса лұпілдеп, ажарын аңғаруға мұршамыз да келмеп еді. Онда түн еді. Енді міне, таң атты, ақын бізге сол сұлудың портретін көрсетіп түрғандай.

Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып жүрсө ақырын.
Камшат бөрік, ақ тамақ, қара шашты,
Сұлу қыздың көріп пе ең мұнданай түрін? –

дейді. Мрамордан мұсінші жасаған сұлу бейнені ұсынады.

Ақынның «Жаз», «Қыс», «Құз» атты бәріміз жатқа оқитын өлеңдері мен аттың сыны («Шоқпардай кекілі бар»), «Қақтаған ақ күмістей кен маңдайлышы» сияқты шығармалары – лирикалық поэзияның ең асылдарына жататын, мәңгі өлмейтін, жастық қуаты мен жайнаған көркін жоғалтпайтын жырлар. Біз бұл шығармаларды грек заманының теңсіз ескерткіштеріндегі құрметтейміз, ақынның сөзбен жасаған скульптуралық мүліктері деп қараймыз. Абай лирикасынан мысал келтіре берсек, оның шығармаларын түгел көшіруге тура келер еді. Соңдықтан көп өлеңдеріне аялдамай, шынайы суретшілдіктің ең биіктерінің бірі – «Қан сонарда» өлеңіне аз ғана бөгелеміз, еріксіз болеміз. Өйткені бұл – ешбір елдің, оның ішінде қазақ поэзиясында да бұрын-соңды болмаған, тек Абай сарайынан ғана шыққан өлең. Аңшылық туралы әркімдер-ақ айтқан. Бірақ Абайға тең ешкім де жазған емес. Мұндағы суреттер дәлдігі мен оқиға жандылығы, аңдысқан аңдардың әрекеттеріндегі дами түсер динамикада шек жоқ.

Төмен үшсам тұлқі өрлең құтылар деп,
Қанды көз қайқаң қағып шықса аспанға.
Көре тұра қалады қашқан тұлқі,
Құтылмасын білген соң құр қашқанға.
Аузын ашып, қоқақтап, тісін қайрап,
О да талас қылады шыбын жанға, –

деген жолдардағы қимыл суреттерінің ұмыт болуы мүмкін емес. Қан сонардағы қазақ даласының елсіз кескіні мен аңшылардың да із қаға шапқан жортударын айқын көріп, дүбір-дабырын анық естіміз. Бүркіт пен тұлқінің айқасқан жеріндегі шеберлік, тіпті бөлек. Көркемдік тақтын бұзбаған, көнілді окушыға көнілсіз күй түсіргісі келмеген ақын, тағылардың өлісіненше алысуын натуральдық түрде оңайлатпай, сол көріністен туған екінші бір суретпен, күрделі кескінмен керсетіп кетеді:

Қар ашпақ, бүркіт қара, тұлқі қызыл,
Үқсайды қаса сұлу шомылғанға.
Қара шашын көтеріп екі шынтақ,
О да бұлк-бұлк етпей ме сипағанда?
Ашпақ ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш
Қара шаш қызыл жүзді жасырғанда... –

дейді.

Жеңіл өзіл түрінде дәл үғыммен алынған суреттер, қысқы да-ланың да ақындықпен танылған бір сипаты жатыр. Ақ қар, қызыл түлкі, қара бұркіт түстерінің қызықты қиоласуы сөз өнерін бояу өнершісінің еңбегіне айналдырығандай өсерлендіреді; сонымен қатар ішкі қайшылықтары көп өмірдің қарсылықтан туар бүтін-дігін аңғартар философиялық мөн де береді.

Абайдың антологиялық өлеңдері – көл-көсір лирикасының бір саласы. Мұндай шығармаларында ақын көрген, сезгендерін кекіз сөйлеп, күйіншісіз айтады, әрбір заттың өз орнындағы келістіктерін, адам мен жаратылыстың жайдары, жарықшақсыз кездерін жырлап кетеді. Көк орай шалғын, бәйшешек, күркіре-ген өзен, шыбындаған жылқы, сымпылдал үшқан үйрек, қаз, үй тіккен қыз, келіншек, аяңшылын жылпышлатып аулына оралған бай, мылтық атқан, құс салған бозбала, ошақтағы қазақ, көңіл-ді гүлескен әңгімелілер, жайылған кілем, құйылған қымыз – тұ-тас бір картина: қыстай қысылған, жайлайға шығып жадыраған жұрттың қысқа ғана қызықты шағы, айнымаған қазақ аулының шындығы. «Жаз» деген өлеңінен даламыздың өткендеңі геогра-фиялық бейнесін, халқымыздың үлттық ерекшеліктерін көреміз.

Бай байғусым десін деп,
Шақырып қымыз берсін деп, –

жалбақтаған жарамсақтар,

Шапандарын белсентен,
Асай мініп теңселген, –

жылқышылар талай түрлі мінездерді де аңғартады. Біз бұл мінездер түсында ашырқанбаймыз да, түшіркенбейміз де, жай жымышп қоя-мыз. Әйткені ақын оқушысына жанға сая, ойға рақат беретін жаз пейзажын ғана үсынады. Жаңағы жарамсақ мінездерді де осы объек-тивтік шындықтың бір деталі ретінде жаза кеткені болмаса, қоғам-дық қайшылықтарға жауап беретін сұрактар қоймайды. Сонымен бірге Абай үшін мұндай ауыл идеал да емес. Көтеріп айтайын деп көптірмейді, өсіре жарқылдатар артық бояу іздемейді, ісіріп-кепті-рер тенсөулер де жоқ. Барды бар күйінше айтқанның өзінде үлкен қонымдылық пен орындылық жатыр. Бұл да – үлкен ақындықтың

белгісі, жаз туралы кесек сурет салмақшы болған художник көркем натураны я ұлғайтып, я кішірейтпейді, көріністің барлық үсак деталин қамтымайды, ең қажеттілерін, сол ұлттың табиғаты мен адамын типтік жағынан айқындар элементтерін ғана алады, көлеңке мен жарық жарастығы арқылы өлем кеңдігіндегі заңды құбылыстардың ұлы гармониясынан шықпастай, қайта үлкен өмір туралы адамға білім, сана қосқандай мағыналы күйде көрсетеді.

Абайдың жыл мезгілдеріне арналған лирикаларының бәрі сондай. Бәрінде де ол өз заманының шындықтарын, өз даласының суреттерін бұлжытпай түсіреді. Жазда байы, жарлысы бірдей жадыраған, жаратылыстың жайлы мезгілінен кеңшілік тапқан жұрт, мезгіл қысымын тарта бастағанда, тіршілік қамымен жіктеле, даралана бастағанын байқаймыз.

Кемпір, шал құржаң қағып, бала бұрсен,
Көңілсіз қара суық қырда жүрсен.
Кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң,
Үйде ит жок, тышқан аулап қайда көрсен, –

дегендегі қындық басталған мерзім, өркімдердің-ақ шаруашылық күйін төлтіректете бастайды. Қарашаның қары жауып, желді аязы басталғанда, бай мен кедей екі дүниенің адамындай.

Кар жауса да тоңбайды бай баласы,
Үй жылы, кіз тұтқан айналасы.
Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы.

Кедей бай малының соңында, үйде үзбей жағар отын жоқ, бұрсен қаққан қатыны жамау-жасқау үстінде. Жыртығын жамау, жазда артылдырыған терісін илеп үлгеру – о да үлкен мұрат. Ақын:

Жас балага от та жоқ түрган маздан,
Талтайып қақтана алмай өле жаздан.
Кемпір, шалы бар болса қандай киын,
Бір жағынан қысқанда жел де азынап, –

деп жаңағы кедейдің үйін айтып отыр. Бұл да – өсіреленбеген, ақынның дәл көрген суреттері.

Барлық елдің фольклорында «ер қанаты ат», батырға жан сөрік, шабысы үшқан құспен тең, жел жетпес, күн шалмас, адамдай ақылды болып жырланатын жүйрік жазба поэзияда да үшқырылым, құштілік белгілерімен сипатталады, шапшаң қимылы арқылы бейнеленеді. Ал Абайдың атында осылардың бірі де жоқ.

Жуан, тақыр бақайлы, жұмыр тұяқ,
Шынтағы қабыргадан тұрса аулақ.
Жер соғарлы, сіңірлі, аяғы тік,
Жауырның етсіз, жалпақ тақтайдай-ак...

Кекілі шоқпардай, құлағы қамыстай, қоян жақ, бөкен қабақ жануар алдымында елең қақпай, ер салынбаған, жабу да жабылмаған жалаңаш күйінде тыныш тұр. Біз атақты бір скульптордың мрамордан қашаған, жүйріктік қасиеттерді жылқының мүшесінен тапқан, қолыцмен ұстағың келердей сымбатты көреміз. Бұл жылқы – жалпы жүйрік емес, қазақ жылқысының өзінен шықкан «қой мойын», «құлте құйрықтың» бірі. Осы «жуан, жуасқа» тымақты қазақты мінгізсеніз, қолымындан өсірген таныс жүйрік шығады.

Аяны тымақты алшы кигізгендей,
Кісіні бол-бол қағып жүргізгендей.
Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс,
Ыза қылдың қолыма бір тиғізбей.

Соңғы шумақ ат кескініне жан береді, қан жүргізеді. Мұсін өнеріне тән динамикалық қуат қосады, жеңіл юмормен оқушыны да қызықтырады. «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» деп басталатын өлең де осындағы, мұсіндеу арқылы сұлулықты тануға тәрбиелейтін шығарма. Ал «Ескілік киімі» – түп-тура арғы заман қазағының портреті. Абай ол заманың байын да, батырын да алмай, нағыз шаруа, көшпелі қазақтың бейнесін көз алдымынға келтіреді.

Осы айтылған өлеңдер бір есептен көлденен қараушының, сырттай бакылаушының (созерцатель) жазғанындағы көрініү де мүмкін. Шығарушының әлеуметтік тенденциясы да қызу емес сияқты. Бірақ үніле қарасақ, сұғына ұқсақ, тіпті басқа. Біздің

Абай да Пушкин сияқты грек дәүіріндегі классикалық көркемдік ұлгісінде жырлар жаза отырған. Құбылыш, көріністердің ішкі мазмұнын бай күйінде қамти, құпия сырларын аша, ал сыртқы түріндегі мазмұнға сай кестелерді, ықшамдылықтарды шығармалардың композициясына арқау етеді. Мұндай жырларында Абай поэзияның күшін өзінің субъективтік, қарақан басының наразы болу түрғысынан іздемей, объективтік шындықтың ішкі қуатынан табады. Сонда сұлу жаратылыс бойындағы диалектикалық қайшылықтар оның күшті жағы мен өлсіз, құнды жағы мен құнсыз, үмітті жағы мен үмітсіз жақтары еріксіз ашылады да, өділ ой, таза сезімді оқушы да еріксіз қуаттайды. Поэзияларымен осыншалық көркемдік академиясына айналу орыс өдебиетінде Пушкиннің қазакта Абайдың ғана қолынан келген. Әйтпесе көрінін жырлай салудан натурализмге, шұбалаң сөзшенідікке үріну оп-опадай.

Әдетте ақылшы болар поэзияның негізіне жетпей, мағынасын үқпай, дидактика деген атпен бәрін бір-ақ кінәлай саламыз. Бұл да дұрыс емес. Ақылшының да ақылдысы бар. Жүгіргеннің бәрі жүйрік емес те, сөйлегеннің бәрі шешен емес қой. Ақылшы да сол тәрізді. Білгірлігі қара басынан артылmas, халық жайын, қауым жайын өз тоқтығынан кейін ойлайтын білгірліктің қүйрығы да өтіріктің қүйрығындағы бір тұтам. Білгір, ақылды көріну, мөртебе табу үшін сөйлейтін ақылдылардың да құнсыздықтары ұзаққа бармайды, елді еліктірмейді. Поэзияда да сондай. Абай сияқты халық қамқорлығына арнап туғандай, ұлы ақынның ақылшы поэзиясы бір болек.

Үстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балага.

Ақын дұрыс айтады. Абайша үстаздық ету – бүгінгі казақ ақындары үшін де қымбатты еңбек. Мәселе қалай ақылшы болуда ғана. Отанын, елін жалын ата сүйген жүрек, бар тірлігін қоғамы үшін ғана бағыштаған ойлы, ерен ақын ақылды да қоңілге қонымды айтады, ақындығын арзанға айырбастамай айтады. Ондайлардың ақылшы өлеңдері де өрі қыска, өрі нәшті, миға уялап, сезімге шабар, мақал-мәтелдей шығады.

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсан арқалан.
Сен де бір кірпіш дуниеге,
Кетігін тап та, бар, қалан!

Пікірдегі ұғымдылықпен, дәлділік философиялық ойлылық-қа қосылғанда, жыр өмірге көсемдік жасар, көмек етер жанды қуатқа айналады. Бұған жыр жүйесін өлдендеретін, ыргақ нақышын өрлендеретін өрбір сөздегі сомдылық пен үндестік, өлең жолдарын өнге бастап тұратын екпінді үйқастар құйылып, шығарма нағыз поэзиялық дәрежеге көтеріледі. Абайдың ұстаздық лирикаларын ерекше өлдендеретін тағы бір құпия сыр бар. Ол ақынның ақылшы өлеңдеріне де тың тенеулер мен жарқын юмор, азы сатираптық тұздықтар қоса білуінде. Мәселен:

Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кептес далага, –

деген екі жолда ақыл суретке де айналып кетеді.

Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да қуғанға.

Бұл екі жолдан да біз динамика-қимыл сезінеміз. Сөйтіп, бұл өлең тақпақ емес, от берер, ойды жылытар сенім шақпағындей қабылданады.

Ұстаздық өлеңдерде сурет пен азы сөздерді барынша мол, шебер пайдалану «Сегіз аяқтың» да өне бойынан түгел табылады.

Тамагы тоқтық,
Жұмысы жоқтық,

Ақынның реалистік шындықтан өмір сұлулықтарын, туған жері мен туысқан елінің жылы, жастық шактарын, бақытты кезіндерін көріп сүйсінулері бір жақты, сынар тарта мадақтау болып шықпағанын көрдік. Жаратылыстың табиғи қалпындей, Абай жасаған дүниеде жарық пен колеңке өлшеулері кілец мөлшерлес жүреді. Мұндай безben әділдігі Абайдың антологиялық өлеңдерінде де аумайтынын байқадық. Жаратылыстағы гармонияны

музыкаша тыңдап, суретше қабылдайтын Абай, қоғамдық өмірдегі жарамсыздықтарға наразылықпен қарайды; міншіл, сыншыл ақынның көзімен қабылдайды. Үлттық, адамдық сезімдері тәрбиеге, оқытуға лайықтыларға ұстаздық етеді де, ауру, қырсықтыларға пышақпен кесер оташыдай емшілік құралдарын жұмсайды. Сол себептен біз оны сұлу дүниенің шебер соғушысы Гете, бірде жек көргенін жалынға қақтайтын Шиллерге ұсатамыз, бірде Пушкинге, бірде Лермонтовпен үндес, мұндастығын танимыз.

Ұлы ақын өзі туралы, өзінің «мені» туралы айтып отырып, жалпы адам баласы туралы айтады, өйткені оның натурасында адам баласына не тән болса, соның бәрі бар. Сондықтан да оның мұн-шерінен өз шеріңізді көресіз, оның жанынан әркім-ақ өз жаңын түсінеді де, оның ақын ғана емес, адам, өзінің адамгершілік жағынан бауыры екенін таниды. Бұл – сез жоқ, Абайға да лайық баға. Абайдың мұнға батқан, ойға үңілген, опық жеген лирикалары, шығармаларының басым көпшілігі, мұнцы кекке, ойы өткір қанжарға, өкініші жалғандықтар мен терістіктерге қарғыс, жаза кесімін айтуға айналатындар да сол шығармалары. Мұндай өлеңдеріндегі конфликт ақынның заманымен, айналасымен келіспеуінен туған. Өмірдегі бадырайған қайшылықтардың өз бетімен жымдаспасын, зұлымдық пен бақытсыздықтың бейбіт бітім таппасын білген ақын барға қанағат, жоққа сабырлық етпейді, ояна бастаған елдің өлі қанаттанып ұлгермен ой мұратын жырлауға бекінеді. «Жалаудағы»:

Ойнақтап толқын, жел гулеп,
Майысар діңгек сыйырлап.
Ол жүрген жоқ бақ іздең,
Қашшайды бақтандыройлан.
Астында дария – көк майдан,
Қараашы, ол бұлік Құдайдан
Сұрайды дауылт күні-тұн, –

деген Лермонтов жолдарында Абайдың өз идеалы, өз арманы бар. Абай бұл өлеңді қаламақы алу, әйтпесе уақыт өткізу үшін аударған жоқ, көніл-күйіне, ой-тілегіне сай келген соң өз демін де қоса шығаруға аударған. Абайдың өз өлеңдеріндегі лептер де осындаидай. Алыс-алпарыссыз, көнімпаздыққа, тарих мимыртты-

ғына, өмір бейғамдығына шыдамы жетпеген Абай да Лермонтовқа қосылып, дауыл тілегендей, тынық теңізден толқын күткендей.

Күңгірт көңілім сырласар,
Сұрғылт тартқан бейіуаққа.
Төмен қарап мұндасар,
Ой жіберіп әр жаққа.

Абайдың осы өлеңінің жалғасы етіп Некрасовтың:

Буря бы грязнула, что ли?
Чаша с краями полна! –

деген жолдарын жалғастыра оқып кетсек, бір ақынның өлеңі болып шыққандай емес пе? Мұнда кездейсоқ ештеңде де жоқ. Жалындарында, кектенбес, қоғамдық құрылыстан мін таппас, «шүкіршілігі» басым Абай болса, орыс классиктері, демократ ақындармен, мұншалық үндесспес еді. Онда біз Абайды дүние жаратылысына мейлінше ырза, жеке нашар мінездерге кейімес, өмірден «қүйлі, рақатты көңіл» ғана табатын, «олимпиялық сабыр» иессі Феттің қатарынан табар едік. Жоқ, олай емес. Абай Лермонтов, Некрасовтар майданында. Мәселен, Абайдың Лермонтовтан аударма саналатын «Ойын» алыныз. Бұл өлеңді аударма деуге де, Лермонтов мотивімен деуге де бірдей сыйды. Өлеңнің рухы, өткірлігі мен ұлылығы, нажағайдай жарқылдаған әрі көркем, әрі үрейлі, аумаған Лермонтов. Ал ашулы ой көзінің дәл көріп, мінеп, синарлары – қазақ мінездері, қазақ қылыштары.

Келісімді тәтті ой, әр шеберлік,
Қуантпас ойын қозғап пәлен дерлік.
Өз кеудесін өзі андып, бой салдырмай,
Тоқымдығы бусанбас неткен ерлік?

Ерлік туралы сөз желін соқтыруға шебер, бірақ екі ауылдың ортасында тоқымдығы бусанбай, тамақ андып қыдырған кім болуы мүмкін? Әрине, қазақ. Мұны аз десек, «Ойдың» ақырғы шу-мағын оқиык:

Досың жоқ, дүшпаның жоқ, тыныш жатасын,
Мал үшін аш қатасын, жан сатасын.
Әкесі аптаң елтөн кісідей-ак,
Неткен жұрт мал өлтірген жеті атасын!

Ақынды да ауыр ойларға үңілтетін, ашынған сөздер айтқызы-
тын – өз заманы, өз замандастары. Өткенде қажаса да тұстастары-
на сабақ болсын деп айтады.

Мен-дагы көп есіттім жастың назын,
Кол жетпеске қол созар бар ма лажың?
«Боламын» деп жүргендे болат қайтыш,
Жалын сөніп, жас жүзін басады әжім.

Төрт жолда қашалық опық, қаша өкініш, күйініш жатыр.
Жалыны сөніп, жас жүзін әжім басқанша қайратты дәуренін бос-
қа өткізген құрбының қүйі – халқының да қүйі. Ақын жүргегіне
ұялаған осы дақ тырнақты аңға айналғандай. Сондықтан да оның
аузынан шыққан ашулы сөздер ызалы арыстаннның ыңыранғаны
секілді. Жүргегіне шер тырнағы батқан ақынның өлеңі де өзгеше:
қан ақтарылғандай, жалын атылғандай, кейде дұға, кейде қарғыс
болып шығады дүниеге. Ақынның заманы мен замандастары, бұ-
гіні мен ертеңі үшін ауруы деп осыны айтамыз. Ақылдылар ар-
ланар да үялар, ойланар да түзелер деп үміт күткен Абай көп
айтқандары құлаққа кірмеген соң:

Көздің жасы, жүректің қаныменен,
Ерітуге болмайды ішкі мұзын, –

деп сол үшін күрсінген.

Қартайдық, қайғы ойладық, үйкы сергек,
Апшың – ашыған у, ойың – кермек,
Мұңдаасарға кісі жоқ сөзді үгарлық,
Кім көңілді көтеріп, болады ермек?

Абай портретінің осы бір шағына аянышсыз қарау мүмкін емес.
Біз ой патшасының уланған ажарын көреміз, көз жасын ерлікпен ірік-
кен жанның әр тамшысы тас қайнатардай, өзін жандыраңдардай. Енді

соның жалынды мұнға толы көзімен қарасақ, ақын зығырданын қайнатқан тұстарын көреміз. Олар: «Шыға ойламай, шығандап қылық қылмастар», «Шынға сенбей, жоққа сенетіндер», «Жақынын тіріде аңдып, өлсө өкіретіндер», «Сырттансынбақ, кусынбақ, өршілденбек, Сыбырменен топ жасап бөлек-бөлектер». Жирендірген дүниесін бұл жолы тізіп атаған ақын, «Қартайдық, қайғы ойладық» деген олеңіндегі оларды жинақтап, кескіндері мен әрекеттерін өшкелейді. «Терін сатпай, телміріп көзін сатып» аларман болғандардың өмір сұру тәсілдеріне қарғыс таңбасын басады. Белинский: «Егер сатираны кекіз күлкі, жеңіл төлкек, ұсақ қылжақ деп түсінбей, қорланған қоғамның құрықсан кегі, қаһарлы ызасы деп танысада, Лермонтовтың «Ойы» дәл осындағы сатира», – дейді ғой. Абай лирикаларындағы сатира да дәл осындағы. Көк семсердің жүзіндей алып түсер, жандырып жіберер сатира. Біз бұл өлеңдерді оқығанда, күлмейміз де, мазакта етпейміз. Түршіге ойланамыз да: жаманшылық деген осы екен-ау дейміз. Өйткені біз қайырымсыздық пен зұлымдықтың қара жүректерінен сорғалай аққан сасық қанын көреміз.

Лирикаға сатиralық қуат беру, жағымсыз образдар туралы бас-аяғы тұжырымды портреттер сызып, айқын мінездер жасау, ол мінездерді үстірт мазақтамай, әрекетке байланысты психологиялық түрде нақ дәлелдеу өте қыын. Абай аңы лирикаларында гротескалық әдістерді қолданбай-ақ күнөһарлар кейіпін табиғи қалпында масқаралай біледі. Абай мұндай өлеңдерінде де карикатуршы емес, суретші, художник. Оқыныз:

Қыран бүркіт не алмайды салса баптап,
Жүрг жүр ғой күйкентай мен қарға сақтап,
Қыран шықса қияға жібереді,
Олар да екі күсын екі жақтап.
Қарқылдаپ карға қалмас арт жағынан,
Күйкентай үстінде шықылықтап.
Өзі алмайды, қыранға алдыrmайды,
Күні бойы шабады бос салақтап.
Тиіп-шығып, ыза қылып үстаппаса,
Қуанар иелері сонда ыржақтап.
«Не таптық мұныменен» деген жан жок,
Түні бойы күпілдер құсын мақтап.
Басқа сая, жанға олжа дәнeme жок,
Қайран ел осынымен жүр далақтап.

Кейбір гротескалы сатира жазылған дәуірінен асқан соң аты-лып болған оқтайды да, басқа тұстың салт-санасына үй-леспей қалады. «Апыр-ау, осы да бізде бар-ау» деп айнала қарандаймыз, ізденбейміз. Өткеннің бір келісімсіздігіне жымиямым да қоямыз. Ал Абайдан алар өсеріміз тіпті басқа. Жоғарғы келтірілген олешнің бір сөзі де, бір суреті де конерменеген. Оқып жібергенде «пәленше-екен», «түгенше-екендер» еске түседі. Өзі тындырмай, өзгеге тындыртпайтын далақбайлар қазір де баршылық: өміріміздің басқа салаларын айтпағанда, дарынсыз жазушы, дәрменсіз артистердің өздерін-ақ құлақтарынан сүйреп шығаруға болады.

Ақын мен заман арасындағы кайшылық таптық қоғамға тән нәрсе екені рас. Бұған Абай лирикасындағы қоғамдық конфликт айқын дәлел. Бірақ бұған қарап бізде лирика конфликтісіз жазылады деген теріс үғым шықпауы керек. Ақылы кеміс, пейілі теріс, өсу орнына өшетін, адал енбек орнына үрлік, қарлық жасауға, пәле жауып, күйе жағуға шеберленген, ауырдың үстін, жеңілдің астын іздейтіндер өлі де жетерлік. Олар көпшілік арасында, ұлы жұмыстар үстінде өлдекімдердің ығы мен көлеңкесін паналап жүре береді. Жай жүрмейді, зиян келтіре жүреді. Бұлармен лирикашыл ақындар бұғін де, ертең де келіспеуге тиіс, Абай соған үйретеді.

Дос асықтың болмайды бөтендігі,
Қосылған босаспайды жүрек жігі.
Біздің доспыз, асықпыш дегеніміз –
Жалғандықтан жасалған көңіл жүгі.

Абайдың бұл пікірі де лирикашылдарға жақсы жолдама; қосылған жүректер, тауып табысқан достар адамзаттың үлкен салтанаты, өсемдік туғызар сөні; бұл да өмір сұлұлығы. Поэзияға мұндай сұлұлық – биік идеал. Тек қана жалғандықтан жасалған көңіл жүктерін: алдамшы достық, баянсыз асықтықтарды қатты тежеп, аяусыз келекелесін. Сонда ғана ақындық өнер өз орнында айқын тұрады. «Айқындық – ұлы ақындардың қасиеті», – дейді Белинский. – Бұл қасиет түгел Пушкинде де бар... Оны жалаң мұншыл, не трагедияшыл, не комедияшыл ақын деуге болмайды. Оның бойында барлығы да бар. Ең жай сезінудің өзі-ақ оның жыр-

ларында барлық пернені түгел басып, барлық шекті түгел сөй-леткендей сайрайды. Сондықтан да оның өлеңдері сырдаң емес». Бұл – Абайға да тән қасиет. Бірде суретші, бірде ақылшы ақын енді бірде өмбө жексүрындықтардан ұшынған ауру жандай дедік. Бірақ соның бөрі – бір Абайдың көп қыры, сансыз сыры, оның айқындық, қоғамшылдық қасиеті. Әйтпесе, көп салалы жырлардың өзара қайшылығы жоқ, барлығында жалғызы-ақ мұрат бар. Ол – туған елінің қамы. Дүниені, адамдық қарым-қатынастарды терең білмей, бір бет, сыңар жақ танушылар да болады. Ондай шағын таланттардың қуанышы да, қайғысы да қонымысyz келеді. Олар өмір қайшылықтарының себептері мен келешегіне түсінбен-гендіктен і сөл нәрсені идеал көреді де і сөл нәрседен шошынып, дәрменсіздікке ұрынады. Өзі де ауру, сөзі де ауру, пессимизмге малышынған «бұлбұлдың» жалған әсерден аққан көз жасы күн жаурай суланған адамның бейнесіне тең (бұлар туралы кейінрек тоқталамыз). Ал ауыр күрсінген, жылай шағынған Абайдың не-гізгі тірері – ұміт, сұлұлық, өсем гармония. Мұндай өлеңдердің мысалын жоғарыда да келтірдік. Соған «Қызыарып, сұрланып», «Көзімнің қарасы», Пушкин, Гете, Лермонтовтардан аударған «Татьяна хатын», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Теректің сыйы», «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз», «Қанжарларды» қоссак, жаратылыс пен өмір мақтаны саналар ғажайып дүниелерге кіреміз. Түнгі түн тынысы, көк пен жерді табыстырған тау, бүкіл жер-жаһаниның үндестігі, адам мен жаратылыс жаразтығы жа-пырактар оқынған жұмбақ сырлар, тасқын мен теңіз жаны, табиғат перзентіндей өзі пәк, көңілі де мөлдір таза қыз жүрегі, тот та баспас, тас та сындырмас, кекке соғылған, майданға қайралған, сүйкімді болат қанжар – бөрі де сенімге, шексіз құат-қайрат, сарқылмас ұмітке бастайтын жырлар. Замандаст пен жас үрпақтың жарамсыз мінездерін ракымсыз пышақтайтын Абай, таза жандарға қолын қусырып, басын да иеді. Оларды да көктен, белгісіз-діктен іздемей, өз ортасынан табады.

Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,
Аспанда ай менен күн шағылса да:
Дүниеде сірә сендей маган жар жоқ,
Саган жар менен артық табылса да.

Сорлы асық сарғайса да, сағынса да,
Жар тайып, жақсы сөзден жаңылса да.
Шыдайды риза болып жар ісіне,
Корлық пен мазагына табынса да, –

дейді ұлы ақын. Бұл – адамға, оның ішінде әйелге деген сүйіспендік гимні. Қандай дәуір, қандай құрылышта болса да өрбір жар сүйер жанның шынайы сезімінің, ақ жүргегінің ұраны. Бұл – теңдікті, ерікті айтудан да жоғары, бұл – әйелді жүректер табынар махаббат тәнірісіне айналдыру, соған жан-тәнімен, барлық ерік, ииетімен қалтқысыз бағыну. Бұл – қос жүректің бірге соғуы, қос көңілдің біріккен тілегі, қос қанаттың бірге қағылуы. Мұнда «сен», «мен» айырымы жоқ, «сенді» мақсұд туындағантерген, махаббаттан таусылмас бақыт, күнөсіз ләззат тапқан, күндегі ыстық, кеудесі көлеңке түспес жарық «мен» ғана бар. Бұл – қиналса да сынбайтын, ауырса да өлмейтін, тілегі биік, саулығы берік «мен». Бұл – қазақтың поэзиясына ғана емес, бүкіл адамгершілік санасына тың ой салған өлең. «Айттым сөлем, Қаламқастағы»:

Иығымда сіздің шаш,
Айқаласып тайталас,
Ләззат алсақ болмай ма,
Көз жумулы, көңіл мас, –

деген шумақтарды құмарлық талабындағы, уақытша қызықтауықыласындағы, өрескел көрсетіндер де бар. Бұлай деп жазбаса да өзара айтқандарын естіп жүреміз. Ол дұрыс емес. Бұл да – жатқа қарамас, көңілі айнымас Абайдың шын махаббатының сөзі. «Фашықтық құмарлықпен ол екі жол» екенін Абай өзі үйреткен бізге.

Дүниеде сірө сендей маған жар жоқ,
Саған жар менен артық табылса да, –

деп Абайдың қазақ поэзиясында түцівш рет жырлауы әйелге ғашықтықтан өлдекайда жоғары. Бұл – оның адам үшін құресі. Махаббат сұлұлығын, оның еркіндігін терең бағаламай, жалпы «бос-

тандық» деп декларация соғудан Абай лирикасындағы махабbat пафосы өлдекайда қымбат. Абай махаббатты тағдыр, сөтті, сөтсіздік билейді дейтін мистикалық ұғымнан да жоғары, ол адамды сезім мен ақылдан тыс себептерге бағындырмайды; адам еркіне өзі қожа. Сүюге жарамаған ұяндық басқа күрестерде де осалдық етеді. «Сүюге, махаббатқа үйрету бақыттылыққа үйрету – өркімнің өзін-өзі қадірлеуге, адамгершілікке үйрету деген сөз... Ең жақсы сүйіспендер тәрбиелендер» (Макаренко). Абай махаббаты Макаренко қойған тілектің жауабындағы. Ақынның соншалық үзіліп, жалбарына жазған жырында өткінші сезімнің ине көзіндей саңлауы бар ма? Жоқ. Абай ойда жоқта келер, тоқталмай өтер құмарлыққа (мимолетная страсть) орын қалдырмайды, ұсак, мещандық сезімшілдікке титтей де берілмейді. Оның жырлап отырғаны – сатылmas ерік, буржуазия қофамы орнатқан лажсыз бағынып, амалсыз конер «сауда сүйіспендігі» емес. Махаббат тақырыбын өлеуметтік өмірден бөлмей-жармай, үлкен өмір, үлкен бақыттың бір белшегі деп түсінген ақын қалай өмір сұру, қалай жар сую керек деген сұрақтарға шек қоймай, сауда-саттықсыз, жарастықтан, келістіктен табылар жүрек еріктеріне қалдырады.

Ұлы ақынның бұл бастамасы – біздің бүгінгі лирика үшін де ескірмейтін мектеп.

Абай лирикасының поэтикасын толық тексеру біздің мінде-тімізге кіре бермейді. Әйтсе де ұлы ақынның өшпес өнеріне өзек болар нәрсelerдің кейбір тұстарына тоқтала кету де қажет сияқты. Абайдың орыс классиктері Пушкин, Лермонтов, тағы басқалар жасаған халықтық үрдісін, реалистік өдісін қабылдағанын айтумен бірге, солардың мәденисті мен шеберлік өнерлерін толық игеруі – ерекше қызықты мөселе. Орыс классиктерінің мақтаулы үлгілерін аудару өр тұста, өр халықта бола береді, біздің қазіргі ақындар да көп аударып, оқушы жүртшылыққа көп пайда келтіріп жүр. Бұл – халықтың да, жазушыларымыздың да рухани өсулеріне мол жәрдем. Бірақ Пушкинді, Лермонтовты, Маяковский мен Твардовскийлер жазған белгілі шығармалардың қарасын, ұзын ырғасын қазақшалай салу толық мәнінде аудару емес. Оларға лайық аударушы талант сол өзінен озық мәдениеттің жалпы дәрежесін аңғарумен бірге, ішкі мазмұны мен түрін менгер-

ген, атақты ақындардың идеясына, пафосына, поэзия жасайтын құрал аспаптарына қызыққан, ақындық шеберліктерінің құпия сырларына жетіккен болуы шарт; сонда ғана аударманың құндылығын, аударушының да жақсы өнегеден оқығанын, есkenін танимыз. Ақындық өнер табудың бір жолы осы десек, өлі күнге дейін Абайға біріміз де тең емеспіз. Абай аудармаларына қарап отырсақ, біз қолданатын ұғымдағы «аудармадан» өлдекайда бөлек, өлдекайда биік. Ол өлеңнің үйқас, ырғағындағы формальдық жақтарын іздеп қоймай, сол шығарманың идеясы мен түр туастырына жан беріп, қан жүргізіп түрған, өлеңнің жеке жолдарыбылай тұрсын, жеке сөздерінен от шығаратын күштерді табады да, соларды қазақша жеткізетін тенеу береді. Әр сөзді, дерексіз ойларды жанды образдарға айналдыратықтай жұмсайды, көп сөзділіктен (баяндаудан) табылар ұғымды, сурет, қымыл, әрекет көрсетер сөздерден шығарады.

Онегиннің Татьянаға жауабындағы мына шумаққа қараңыз:

Сенісерге жан таба алмай,
Сенделеді ит жүрек.
Тірлікте бір қана алмай,
Бұл не деген тентірек?

Формальдық жағынан Пушкинге ұқсамас жерлері табылуы да мүмкін. Бірақ нағыз Пушкин. Осы шумақтың Пушкин лебіне дәлдігі сондай, біз Онегиннің де ішкі, тыскы сипаттарын толық танимыз. Мұндағы өзімізге түсінікті барлық қазақ сөзі Пушкин қажетін мінсіз өтерліктей тың мағына, тың сапаларға ауысқан. Өндей сұлу, корікті де, мағыналы жолдар Онегиннің жан күйін де, сырт пішінін де жарқ еткізеді: сенісер доссыз жүртта қалған, иесіз иттей тентіреген, тұрағын, үмітін жоғалтқан жанның бір мерзімін бұдан артық дәл сипаттауға болмайды,

Көңілім менің қараңғы,
Бол, бол, ақын, –

деп те қазақ айтқан емес, ал Абай аудармасында алғашқы үш сөзде Байронның бүтін тұлғасы жатыр. Жоғарғы келтірілген екі мысалдан кейін Абайдың өз шығармасындағы:

Күңгірт көңілім сырласар,
Сұрғылт тартқан бейуаққа...

немесе

Адасқан күшік секілді,
Ұлып жүргіктің ой, –

дейтін жолдарынан қандай өсерленетініміз өзінен-өзі белгілі.
Озық үлгілер, ғажайып шеберліктер күйеше жұға салмайды, ол
машина тетіктерін үйрену де емес; ол – адамның рухани түлеуі,
ой көзінің ашылуы, гуманизм туын көтеретін кеменгерлік дәре-
жеге жетуі. Мұндай дәрежеге жетпей, ақынның өрісі еліктеуші-
ліктен аспауы, өзіндік тұлғаға (самобытный) айналмай қалуы өб-
ден мүмкін. Абай мәдениеті мен гуманизмі орыс классиктеріне
теңелгендігі сонша, ол барлығын, көріністер мен құбылыстардың
сыртқы бейнелеріндегі айырымдарымен бірге ішкі рухани тірлік-
терінің де мәнін терең таниды. Ақынның оларды танытатын ой
көзі, кеуде сәулесі бар.

Бойда қайрат, ойда көз,
Болмаганға айтпа сөз.

.....
Сәулең болса кеуденде,
Мына сөзге көніл бел, –

дейтіні де сондықтан.

Татьянаның Онегинге жазған хаты беріле, таза, кіршіксіз жу-
рек пен қалтарыссыз сүйдің тамаша үлгісі екенін бәріміз де бі-
леміз.

Ықтиярсыз мұнды сезім,
Кетті ыршып жолыңа.
Мазагына бердім өзім,
Өз басымды қолыңа, –

деп келетін өлеңге қандай еліксең, қандай сенсек, Абайдың:

Шыдайды риза болып жар ісіне,
Қорлық пен мазагына табынса да, –

Өлеңіне де сондай елігіп, сондай сенеміз. Оқу, үйрену жолында шәкірттікten асып, өзіндік жол табу, ұлы ақындарға теңелу жүрттың бәрінің қолынан келе бермейді. Бәріміз бірдей Абайдай дәрменді болсақ, қазақ поэзиясының мандаіы жарты қарыс ашылар еді. Бірақ талпынбасқа да хақымыз жоқ. Ол үшін Абай тұлғасын жете тануға, оның табыстарын жетік білуге міндеттіміз. Жаратылысындағы құшті қасиетінің үстіне ұлы өнер тапқан Абайдың өрелі пікірлер айтуда үстаздарына теңелгенін оның қай шығармасы болса да растайды.

Қара жұрт қарап көріп, сөзге наңбас,
Ант етемін жалғанын жан таба алмас.
Озі алданып, өзгеден соққы жеген,
Және өзі біреуді алдай алмас.
(Лермонтов)

Шын көңілмен сүйсе екен кімді сүйсе,
Бір сөзімен тұрса екен жанса, күйсе.
Қырмызы қызыл жібек бозбалалар,
Онғақ бүлдай былғайды бір дым тисе.
(Абай)

Бұл өмірдің қызығы маҳаббатпен,
Көрге кірсең үлгілі жақсы атақпен.
Арттағыға сөзің мен ісің қалса,
Өлсөң де өлмегенмен боласың тен.
(Лермонтов)

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, ағын көп шалдырған.
Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,
Өлмейтүгін артына сөз қалдырған.
(Абай)

Екі ақынның ақындық, ойлылық тенденстіктерін, тілек, мұрат үқастықтарын көптеген мысалмен дәлелдеуге болады.

Оқу, үйренудің нәтижесі рухани толығу, биік идея табу десек, ол жалпылай айтқан ғана сөз болар еді. Ақын, жазушы болмай-ақ білім иесі, тұзу идея иесі болғандар мың сан. Мәселе ақын ерекшелігінде. Абай – поэзияның міндет, қызметін ұлы ойшылдарша ұғыну үстіне, оның пафосын да Пушкин, Лермонтовша тапқан ақын.

«Пафос не?» – деген сұрақ қойып, Белинский былай жауап береді:

«Шығарма ермек емес. Көркем шығарма іш пысқандықтан, көңіл көтеруден тумайды. Ол – художниктің еңбегі: жаңа шығарма дәнінің жүргегіне қалай түскенін ақын өзі де білмейді, бірақ кеудесіне кірген поэзиялық ұрықты бала көтерген анадай өбден піскенше о да көтереді. Шығармалық процесі де бала туу процесі сияқты рухани толғату, қиналуы да сол төрізді. Егер ақын еңбекпен іс тындыруға, шығармалық ерлік етуге бекінді десек, ол жайшылық емес, оны еріксіз айдалап, жетелеуші бір ұлы құш бар, мойын бүрдымас құмарлық (страсть) бар. Осы құш, осы құмарлықтың аты – пафос. Пафоста идея ақынға жанды сұлулықтай көрінеді, өзіне ғашықтай талпындырады, идеяға ол санасымен де, сезімімен де емес, барлық жаратылысымен сарқыла беріледі.

Сондықтан да ақын шығармасында идея дерексіз ой, өлі форма емес. Жанданған мазмұн мен оның жанды формасы өздеріне қуатты идея дарығанын, жамау-жасқаусыз сыналасқан бірлестіктірімен раставиды. Идея мен форма арасында шек жоқ, екеуі де бүтін, табиғи жаратылыс. Идея санадан шығады. Бірақ тірі өмір жасап, оны туатын – махаббат, дерексіз идея мен ақындық идеяның айырмасы да осында. Алғашқысы – ақылдың, соңғысы – махаббат, құмарту жемісі. Ендеше мұны пафос дегенше, құмарлық деп неге атамаймыз дерсіздер. Онда да мән бар: құмарлықта сезімдік, пафоста нравтық ұғым басым, құмарлықта даралық, өзімшілдік көп, одан құнсыздық, пос-томендік табылуы да мүмкін. Әйелге емес, әйелдерге, данққа емес, абырайға құмарлық та болады. Ақшаға, шарапқа құмарлықтарды да ұмытпауымыз керек. Құмарлықта таза сезімдік, қандық, жүйкелік, дүниелік, тәндік өрекеттер жиі кездеседі. Құмарлық, тіпті қан толқытып, жүйкеге тиер құмарлық пафоста да жеткілікті. Бірақ пафос – адам жанында идеядан тұтанар, қашан да идеяға бастар құмарлық. Сондықтан да ол – таза, рухани, нравтық, Тәнірі үйғарғандай құмарлық».

Сейтіп, Абай шығармасы шынайы поэзия – пафос. Оның лирикасы қандай тақырыпқа жазылса да я шексіз сүйінуден, я шексіз күйінуден туады. Толғатпай, күймей, қиналмай, қаны тулап, жүргегі алқынбай жазылған жыр Абайда некен-саяқ. Сондықтан да Абай шығармасының идеясы мен формасының жігін айыруға

болмайды. Пафос туралы айтқан Белинский пікірін Абай одан да асыра, нағыз ақын тілімен растайды.

Адамның кейбір кездері,
Көңілде алаң басылса.
Тәңірінің берген өнері,
Кек бұлттан ашылса.
Сылдырлап өңкей келісім,
Тас бұлактың сүйндей.
Кірлеген жүрек өзі ішін,
Тұра алмас әсте жуынбай.
Тәңірінің күні жарқырап,
Үйқыдан көңіл ашар көз.
Қуатты ойдан бас құрап,
Еркеленіп шығар сөз.
Сонда ақын белін буыншып,
Алды-артына қаранар.
Дүние кірін жуыншып,
Көрініп ойға сөз салар.
Қыранша қарап Қырымға,
Мұн мен зарды қолға алар.
Кектеніп наған, зұлымға
Шиыршық атар, толғанар.
Әділет пен ақылға
Сыннатып көрген, білгенин,
Білдіреп алыс, жақынға
Солардың сойле дегенін.
Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сия, аңы тіл.
Не жазып кетсе, жайы сол,
Жек көрсөң де өзің біл.

Шабыт процесін бұдан артық көрсету киын; дерексіз-абстракциялық үғымдарды да бұдан артық жаңдандыруға, көзben көріп, қолмен ұстағандай ету мүмкін емес шығар. Ақын кеудесі өлемнің өзі сияқты: құрсаған бұлты тарап, алаңы басылғанда, кіршіксіз аспаны ашылады, шабыт күні жарқырап, көңіл үйқыдан көзін ашады. Томағасы сыптырылған қырандай қаранады. Ол кезде әділет иесіне айналған ақын жүрек кірін жуынған, дүниелік доңыздықтардың бәрінен жоғары, ол – ақ таразы, әділет қолындағы семсер. Жақсылық, күнені әділ өлшейді, нағандықты, зұлымдықты қандата жазалайды, долы қол, ызалы жүрек әмірін

орындаиды. Пайғамбар ақын жалпақ қауымның күткенін сөйлейді. Ақын қазір тас бұлақтың суындағы сылдырлаған өсем келісімге (гармония) ғана ғашық. Сұлу келісім оның көзінде ерке жардай ең қымбаты. Оның аты – идея. Сол идея қозғау салғанда қуатты ойдан бас құраған еркін сөздер де еркелене шығады. Сонда жанды күйге айналған мазмұн мен форма дегеніміз – осы сөздердің қуатты ойдан толғағы пісіп шығуына өлемге бояулы, дыбысты өмір ала келуіне байланысты. Жаңағы өлеңнің лирика туралы лирика, ән туралы ән болып қабылдануы да сондықтан. Мұның бір сөзі ғана ма, бір дыбысын алуға я өзгертуге болмайды. Егер өзгертеміз, өзге төлеу табамыз десек, Абай толғатқан күйді сол дәрежеде басымыздан кешіріп көрейік. Онда әр сөзді теңіз толқынына жуып, атар таң, батар құн шапағымен бояуымыз керек, әр сөзді қаңтардың аязы, көрік үрлеген жалынмен шындауымыз, содан кейін оларға сылдырлаған өлем келісімінің сиқырлы үнін, данышпандық сөйлер тілін беруіміз керек.

Үкпассың үстірт қарап бұлғақтасан,
Суретін көре алмассың көп бақпасан.
Көлеңкесі түседі көкейіңе,
Әр сөзін бір ойланып салмақтасан.

Абай өділ айтады. Бұдан шығатын қорытынды: әрбір шын мәніндегі ақындық шығарма – пафостың жемісі. Пафоссыз жазылған жырдан ойға жылдылық, бойға қуат боларлық ештеңе іздеуге болмайды. Өйткені онда жанды да, жарқын идея жоқ, одан қорғасындағы бірге құйылған поэзиялық мазмұн, түр күтудің де қажетті аз. Ал шабытсыз, күшпен қосылған жалаң идея – жансыз идея. Ол шығарманың өлі дүние екенін ғана танытады. Мұндайлардан көркемдік құн іздеушілер я қаталасқандықтан, я эстетикалық қабілеттен жүрдай болғандықтан ғана іздейді.

ТҮСІНІКТЕР

1. Әуезов М. Абайдың өмірбаяны. Баспасөз бетінде жарияланған: Әуезов Мұхтар. Жиырма томдышқ шығармалар жинағы. 20-том. Монография мен мақалалар / жауапты шығарушылар: Л. Әуезова, З. Серікқалиев. – Алматы: Жазушы, 1985. – 26-90-беттер; Абай институтының вебсайты.

2. Беккожин Қ. Қазақ халқының ұлы ақыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Коммунист. – №9. – 1940. – 27-36-беттер; Абай институтының вебсайты.

3. Бөжеев М. «Евгений Онегин» Абай аудармасында. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер / құраст. филологияғылымдарының докторы, профессор Нығмет Faабдуллин. – Алматы: Жазушы, 1986. – 209-224-беттер; Абай институтының вебсайты.

4. Мұқанов С. Абай – қазақ халқының ұлы кеменгері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: «Қазбірмемдік» баспасы, 1945. – VII-XXIV беттер; Абай институтының вебсайты.

5. Мұсірепов F. Қазақ әдебиетінің өркендеуі жолындағы Абайдың тарихи орны. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: «ҚазССР FA» баспасы, 1954. – 30-37-беттер; Абай институтының вебсайты.

6. Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны // Социалистік Қазақстан. – 15 май. – №94 (2859). – 1945; Абай институтының вебсайты.

7. Жұмалиев Қ. Абай шығармаларындағы пындық және әлеуметтік теңсіздік мәселелері. Баспасөз бетінде жарияланған: проф. Қ.Ж. Жұмалиев Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. 2-том. – Алматы, 1960. – 83-110-беттер; Абай институтының вебсайты.

8. Қаратаев М. Абайды армандасақ. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 155-159-беттер; Абай институтының вебсайты.

9. Нұртазин Т. Абайдың ақындық шеберлігі туралы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР FA баспасы, 1954. – 162-172-беттер; Абай институтының вебсайты.

10. Тәжібаев Ә. Абай және қазақ лирикасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Мақала алғаш рет 1945 жылы «Майдан» журналында басылған, автордың «Өмір және поэзия» кітабында жарық көрген. Мақала ақынның бес томдышқ шығармалар жинағының төртінші томында жарияланған басылымы бойынша берілді: Тәжібаев Ә. Бес томдышқ шығармалар жинағы. 4-том. – Фылыми еңбектер. – Алматы: Жазушы, 1981. – 26-58-беттер; Абай институтының вебсайты.

11. Беккожин Х. Абай және «Дала уалаяты». Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 355-364-беттер; Абай институтының вебсайты.

12. Мұқамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында (үзінді). Баспасөз бетінде жарияланған: Мұхамедханов Қ. Қөп томдышқ шығар-

малар жинағы. I том. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Алаш, 2005; Абай институтының вебсайты.

13. Омаров І. Ата сөзі. Баспасөзде жарияланған: Омаров І. Өмір мен өнер (очерктер, мақалалар, өлеңдер, хаттар, естеліктер) / құраст. Қ. Құрманғали. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖПС, 2012. – 286-291-беттер.

14. Қоңыратбаев Ә. Абай Құнанбаев. Баспасөзде жарияланған: Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқу куралы / құраст., алғы сөзін жазған Т. Қоңыратбаев. – Алматы: Санат, 1994. – 147-167-беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМУНЫ

Әуезов М. Абайдың өмірбаяны	3
Беккожин Қ. Қазақ халқының ұлы ақыны	68
Бәжесев М. «Евгений Онегин» Абай аудармасында	85
Мұқанов С. Абай – қазақ халқының ұлы кемеңгері	103
Мұсірепов Ф. Қазақ өдебиетінің оркендеуі жолындағы Абайдың тарихи орны	119
Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны	127
Жұмалиев Қ. Абай шығармаларындағы шындық және өлеуметтік тенсіздік мәселелері.....	143
Қаратаяев М. Абайды армандасан.....	163
Нұртазин Т. Абайдың ақындық шеберлігі туралы.....	168
Тәжібаев Ә. Абайдың лирикасы	178
Беккожин Қ. Абай және «Дала уалаяты»	203
Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында	213
Омаров I. Ата сөзі	235
Қоңыратбаев Ә. Абай Құнанбаев	240
Түсініктер.....	261

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
II том
Ойлар мен толғаныстар**

Кұрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *G. Рустембекова*
Компьютерде беттеген және
мұқабаны безендірген *K. Өмірбекова*

ИБ№8549

Басуға 06.10.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 16,5 б.т. Офсетті қағаз. Сандақ басылыш. Тапсырыс №1507.
Таралымы 50 дана. Багасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.